

№7 ХАТТАМА

Өткізілген күні: 23 ақпан 2026жыл

Қатысқандар:

КҮН ТӘРТІБІ

1. 11-сыныптар бойынша қорытынды аттестаттауға дайындық барысы.
2. Шет тілі пәндік бірлестігінің жұмысы туралы есеп.
3. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі.
4. Сынып жетекшілері бірлестігінің есебі.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша Татиева К.Ш.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары 11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға дайындау жұмыстары туралы баяндады. Аттестаттау пәндері бойынша консультациялар кестесі жасалғаны, сынақ тесттері өткізіліп жатқаны, білім деңгейіне мониторинг жүргізілетіні айтылды. Пән мұғалімдері дайындық жұмыстарының барысымен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша Камасалиқызы А

Шет тілі пәндік бірлестігінің жетекшісі бірлестіктің жұмыс есебін ұсынды. Есепте оқушылардың білім сапасы, өткізілген ашық сабақтар, пән апталығы, байқаулар мен олимпиадаларға қатысу нәтижелері қамтылды. Сонымен қатар мұғалімдердің кәсіби дамуы мен әдістемелік жұмыстарға қатысуы туралы ақпарат берілді.

Үшінші мәселе бойынша Жұмабаева А.А

Әлеуметтік педагог және жауапты қызметкер оқушылардың ыстық тамақпен қамтылу жағдайы туралы баяндады. Мектеп асханасының жұмысы, жеңілдік санатындағы оқушылардың тамақтануы және санитарлық талаптардың сақталуы жөнінде мәлімет берілді.

Төртінші мәселе бойынша Искакова С.Б

1. Төртінші мәселе бойынша Искакова Самал Бейсенбайқызы сынып жетекшілері ата-аналармен тығыз байланысу керектігі. Оқушылардың сабаққа қатысуы, психологиялық дайындығын бақылауға алынып ата-аналармен тығыз байланыс орнатылу керектігі айтылды.

Қаулы

2. 11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға дайындау жұмыстары күшейтілсін.
3. Әр пән бойынша қосымша сабақтар мен консультациялар ұйымдастырылсын.
4. Шет тілі пәндік бірлестігінің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
5. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуына тұрақты бақылау жүргізілсін.
6. Сынып жетекшілері ата-аналармен байланысты күшейтсін.
7. Қаулының орындалуын бақылау мектеп әкімшілігіне жүктелсін.

Мектеп директоры  Алиева.Г.С

Хатшы:  Жакыбаева Г.Н